№44 мектеп-гимназиясының деңгейлік курстан өткен мұғалімдерінің «Оқытушы қоғам» қауымдастығының 2021-2022 оқу жылы I ж/ж істеген жұмыстары туралы

анықтама

Қыркүйек айында «Оқытушы қоғам» қауымдастығының ұйымдастыру және жоспарлау жұмыстары жүргізілді. Деңгейлік курстан өткен мұғалімдердің саны және сапалық құрамы анықталды. «Зерде» желілік қауымдастығының өзгеріс тобы анықталып, жұмыс жоспары жасалды.

Жаңа оқу жылына лессон-стади сабақтар топтамасы жоспарланып, модераторлар тағайындалды. Мектеп тренерларының жұмыстары жоспарланып, тақырыптар анықталды.

«Оқушы үні» жобасының бойынша 6-10 сынып оқушыларына сауалнамалар өткізіліп, қорытындыланды.

7 қазан күні Г.Г Капанованың басшылығымен «Сабақты зерттеудің қадамдары» тақырыбында семинар өткізілді. Қараша айында «Сабақты бақылау құралдары» тақырыбында семинар жоспарланып, өткізілді (модератор: Капанова Г.Г)

Қазан айында 4в, 4ж сыныптарында «Әдебиеттік оқу» пәнінен лессон-стади сабақтар топтамасы өткізілді (мұғалім: Мусина А.К, Қабылханова Айзат Ертайовна). Тақырыбы: «Мәтінмен жұмыс істеу арқылы оқушылардың оқылым дағдысын қалыптастыру». Сабақтарға психолог мамандар тартылып, сыныптардағы белсенділігі төмен оқушылармен жұмыс жүргізілді.

6-10 сынып оқушылары үшін лессон-стади сабақтары ақпан-наурыз айларына жоспарлануда.

«Оқытушы-қоғам» қауымдастығының істерін одан әрі жандандырып, жоспарланған жұмыстарды мазмұнды, сапалы ұйымдастыруға жұмыстанамыз.

«Оқытушы-қоғам» қауымдастығының жетекшісі: Ризуанова К.Е